

адамды жарасымды және жан-жақты тәрбиелеу болып табылатын тәрбиенің неғұрлым жалпы жүйесіне патриоттық тәрбиенің ықпалдасуынан туындап жатады[4].

Патриотизм өмірдің жекелеген қырлары, жағдаяттар, оқиғалар мемлекеттің, Отанның, Атамекеннің тұтастығымен және бірегейлігімен тікелей байланыста қаралатын қоғамдық-саяси қатынастың мәні мен құндылықтарын зерделеу тәсілі ретінде көрінеді. Өскелең ұрпаққа жалпы патриоттық тәрбие беру - жеке тұлғаны өзін-өзі айқындауына және қалыптасуына жол ашады. Жастардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық пен берілгендік сезімін қалыптастыру, азаматтық борыш пен негізгі конституциялық міндеттерді орындауға деген дайындық талаптары болып табылады. Жастардың санасына патриотизм өзің, отбасың және біздің Отанымыз үшін деген ұлы жауапкершілік екенін сіңіру ерекше маңызды. Қазақстандық патриотизмнің басты құндылықтары жастарға арналған бағдарламаларда анықталған. Оның ішінде жастардың дәртүрлі құндылықтары білім мен мансап, білім беру жүйесінің еңбек нарығына айқын бейімделуді, анықталған қажеттіліктер мен технологиялық жаңалықтарды ескере отырып, білім беру мен кәсіптік даярлау жүйесінің экономикалық, әлеуметтік және кәсіпкерлік болмысқа сәйкес болуы талап етіледі. Елінің патриоты болу-өз ісінді жауапкершілікпен атқарып, міндеттерінді орындап, мемлекеттің дамуына үлесінді қосу.

Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі демократия мен қоғамдық прогрестің одан әрі дамуының өлшеміне айналып отырған бүгінгі шақта отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығы ерекше арта түседі. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Қазаргі кезде Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдері мен ұлыстар өзінің тума мәдениеті мен тіліне, өнері мен дәстүріне сүйіспеншілікпен қарай отырып, өз Отаны ретінде Қазақстанға деген құрметін арттыруда, мұның өзі жалпықазақстандық патриотизмнің көрініс болып табылады. Әрине, бұл дамудың жаңа үдерістерінің бастамасы, оның жалғасын тауып, нығая түсуі үшін әлі де атқарылар шаралар көп.

Міне, сондықтан да жастарда патриотизмді қалыптастыруда және жастардың патриоттық сезімін оятуда немесе қалыптастыруда қазақстандық патриотизмнің, қоғамның рөлі аса зор.

#### Әдебиеттер:

- 1.Тасболатов Қ. Қазақстандық патриотизмнің ұлттық және ұлтаралық үйлесімі. // Отан тарихы.№3.2001
2. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады. //Егемен Қазақстан, 1998. 10 қаңтар. № 6.
- 3.Жаманқұл П. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде көркем шығармаларды пайдалану. //Бастауыш мектеп. №2. 2002.
- 4.Жұмаханов А. Оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесі жайында. /Қазақстан мектебі. 1972. №1, -31-35 б.

Кулейменов А.Ж., Нуркеев Р.Ж.  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Есмағамбетов С.А.  
«№15 ЖББМ» КММ Қарағанды қ.  
Хасенов А.Е.  
«№91 ЖББМ» КММ Қарағанды қ.

**АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІ  
БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ**

Біздің мемлекетіміздің ең маңызды қызметінің бірі студент жастар мен оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру. Мектепте Алғашқы әскери және технологиялық дайындық барысында оқушыларды Отанды қорғауға дайын болуға патриотизмге тәрбиелейді, ал дене тәрбиесі арқылы түрлі жаттығуларды орындауға дайындығы мен шындалады.

Әскери-патриоттық тәрбиелеудегі ең басты мақсат, жастардың өзінің халқына деген адалдыққа, көз жеткізе тәрбиелеуге, олардағы ұлт арқылы сезім рухына, өз отанын қолына қару алып қажырлық пен білгірлік көрсете қорғауға үлкен дайын болуға, өзінің азаматтық борышын адал орындауға жан-жақты дамыта тәрбиелеу.

Әскери-патриоттық тәрбие – жастарға әскери іске қызығушылыққа арнайы әскери мамандықты меңгеруге, Қарулы Күштердің қатарында борышын өтеуге дайындыққа тәрбиелеу. Оқушыларға әскери патриоттық тәрбие беру дегеніміз – оларды саяси моральдық – психологиялық жағынан егеменді елін қорғауға дайындау.

Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаттары жастарды өз отанының адал патриоты болуға тәрбиелеу. Бүгінгі жастар отанымыздың келешегі, сондықтан олармен санасу, пікірін тыңдау қоғамға белсене араласуына көмектесуіміз қажет болып саналады. Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі алатын қоғамдағы ролі ерекше болып саналады.

Қазақстан – менің Отаным, менің жерім! Жүректі жарып шыққан осындай еліме деген қымбат ойларымды сүйікті жеріме жеткізу мен үшін зор мәртебе. Біздің санамызда Отан мен ана деген қасиетті екі сөздің орын тебуі тегін емес. Отанға деген сүйіспеншілікті – патриотизм, Отанын сүйетін адамдарды – патриот деп атайды. Біздей жанкүйерлері, жанашырлары болса, көк туы көкте желбіреген Отанның тұғыры әрқашан да биік болмақ. Отан – бақыт пен шаттықтың, махаббат пен сүйіспеншіліктің, татулық пен бейбітшіліктің, мейірімділік пен адамгершіліктің қайнар көзі.

Отанға деген сүйіспеншіліктің жастардың бойына табылуы ол дегеніңіз үлкен құрметтің белгісі болуы тиіс. Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі алатын орны қоғамымыздың жаңаруына өзінің қандайда бір ықпалын тигізеді. Бұл дегеніңіз қоғамдағы қандайда болсын өзгерістер жастардың ықпалы мен болып жатқанын дәлелдейді. Әскери-патриоттық тәрбиеде жастарға әскердің не екенін жалпы мағлұмат алатындай олардың әскери ойындарға араласуы, отан соғысының ардагерлермен кездесу өткізуі бейне фильмдер көрсету соның бір дәлелі бола алады.

Жастарды өзінің еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, патриоттық тұрғыда ерекше болып саналуы мүмкін. Патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттері қоғамымыздағы өзгерістердің барлығына жастардың араласуына бірдей ықпал жасау, оған негізінде мектеп жасынан отанға деген сүйіспеншіліктерін артыруы қажет ол дегеніңіз патриоттық тәрбие негізін түсіндіру болып табылады.

Қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиелеу мәселесі басты назарда болады. Тәрбие процесі – үздіксіз процесс Тәрбиенің адам өміріндегі ерекше ролін ұлы ғалым әл – Фараби: «Адамға ең бірінші керегі білім емес тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім – адам заттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», - деп атап көрсетеді. Тәрбиенің барлық бағыттары бір –бірімен тығыз байланыста болады. Олардың әрқайсысының атқаратын жұмысы өте зор. Бағыттарды жеке бөліп қарастырар болсақ, бүгінгі егеменді ел болып дербес мемлекет атануы жағдайында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу көкейтесті болып отыр. Әр халық Отанын сүйер, Отан үшін, ел үшін күйінер патриоттарды тәрбиелеуге тырысады [1].

Педагогика ғылымында әскери – патриотизм деген де ұғым бар. «Әскери – патриотизмді қалыптастыру» дегенді біз былай түсінеміз: біржағынан әскери, әскери - техникалық, әскери – патриоттық тәрбие және оқу, мектеп оқушыларының өздігінен білім алу әрекеті. Ол арқылы оқушылар әскери – техникалық білімдерді қаруда қоланудың іскерліктері мен тәсілдерін меңгереді. Екінші жағынан – бұл азаматтық – патриоттық, маральдық – еріктік тәрбие және өзін - өзі тәрбиелеуі, олар жалпы адам заттың және ұлттың мәдени – тарихи құндылықтар мен дәстүрге негізделеді. Әскери – патриотизмді қалыптастыруда бұл екі жақ диалектикалық түрде өзара байланысады, өзара бірлікте болады.

Жастардың патриот деген сөзге мағанасын нақты түсіндіру үшін оларға жиі ардагерлермен кездесу өткізу, түрлі патриоттық тұрғыда жарыстар өткізу қоғаммен тікелей

байланыстыру біздің мақсатымыз болуы тиіс. Әскери-патриоттық тәрбие міндеттері жастардың көзқарасын қоғамдағы күнделікті өзгерістермен айқындалуы қажет соған бейімделуі керек. Патриоттық тәрбиенің өзінің халқына деген сүйінспеншілікті мектеп ұжымында тәрбиелік мәні мен айқындалуы керек. Тәрбие жалпы жас жеткіншектерге отбасынан басталуы қажет. Отбасылық тәрбие жастарға қоғамға тез араласуына ықпалын зор тигізеді.

Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі ықпалы жастарға отанының адал болуына патриоттық сезімін тудыратын, өзінің қоғамға бір ықпалын тидіретіне қуаныштылығын туғызуы тиіс. Қоғамдағы өзгерістер жастарға да ықпалын тигізеді себебі, жастар қазіргі уақытта қағамның белді бір мүшесі болып табылады. Жастардың қазіргі патриоттық тәрбиенің мақсат мен міндеттеріне саналы көз қараспен қарайды ол дегеніңіз өзінің отанына деген сүйінспеншілігін бар екенін айқында берілуі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, қызмет етуге қажетті негізгі сапалар, қасиет дағдыларды құруды қамтамасыз етуге бағытталған. Ерекше компоненттің негізгі мазмұны Отанға деген сүйінспеншілік, азаматтық және әскери парызға сенімділік, батырлық, тұрақтылық, ерлік болып табылады. Қазіргі жағдайда жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мазмұндық басымдылық сапасы болып мына адамгершілік құндылықтар саналады:

- Патриоттылық, өз Отанына шын берілу.
- ҚР Қарулы Күштерінің жақсы дәстүрлерін сақтау және дамыту.
- Қиындықтарды жеңуге ұмтылу.
- адамгершілік, өзін сыйлау құрметтеу сезімі.
- Патриоттық тәрбие, Отанға сүйінспеншілік, жауапкершілік.

Шынайы патриотизм – жалпы адмзаттық құндылықтардың маңыздысы болғандықтан басқа халықтарға, ұлттар мен ұлыстарға сыйластықпен, ізгі ниетті адамгершілікпен қаруды көздейді. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте жекелеген этностар өкілдерінің ұлттық патриотизмі елде тұратын барлық халықтың ортақ патриотизмімен тұтас байып отырады. Өйткені, халық деген ұғымға мемлекеттегі барлық адам, яғни ұлттар, ұлттық топтар сияды. Көпұлтты мемлекеттегі адамдардың патриотизмі олардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен ажырағысыз бірлікте қарастырылуға тиіс. Мұның мәнісі алдымен, қоғамдағы патриотизмнің екі элементтен тұратынына байланысты. Олар жалпы, яғни барлық ұлт өкілдерінің бойындағы жалпыұлттық патриотизм және ерекше, яғни жекелеген ұлттардың өкілдеріне тән ұлттық патриотизм [2].

Патриоттық тәрбие барысында саяси сенімділік, Отанға сүйінспеншілік, тәуелсіз өмір сүріп жатқан мемлекетімізге ынтымақтастық, жалпы отандық намыскерлік, ел тағдырын болашағы үшін жауапкершілік, еліміздің экономикалық даму қарқынын тездетуге үлес қосуға ниеттілік, ғылыми саяси – моралдық және туған жерін қорғау мақсатындағы әскери эзірлік Отанын саяси – идеологиялық қауіптерден сақтауға бағыттылық, арам ниеттегі ішкі және сыртқы жауларға төзбеушілік тәрізді патриоттық сезім қалыптасып дамиды. патриоттық тәрбие ұлттық ерлік дәстүр негізінде Отан құндылығын құптаудың тікелей және жанама түріндегі көрінісінен байқалады. Патриоттық тәрбие жұмысы барысында біздің жеткізген зерттеулеріміздің маңыздылығы.

Патриоттық тәрбие берудің ерекшеліктері, мемлекетіміздің ілгері саясаты мен Қорғаныс күштерінің міндеттері терең ашылып, Отанды қорғаудың жолдары дәріптеліп, патриоттық тәрбиенің барлық жүйесі осы білімдерді пайдалануға бағытталуы қажет. Патриоттық тәрбие беру - оқушының саналы көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Мектептегі «Алғашқы әскери және технологиялық» дайындық пәнінен сабақ берілуі, соған байланысты әскери патриоттық тәрбиенің оқушыларға терендетіп оқыту, өз елінің патриоты болуы, Отанымыздың саналы және белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлық пен еңбек етуге, Қарулы Күштердің мүддесін қорғауға, талантты әскери кадрлар даярлауға жана мүмкіндіктер туғызады. Жастарды Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиелік танымдары мен мінездерін қалыптастыру ауыр және сан қырлы процесс. Саналы ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан

мүддесі жолында жасаған ерлік - батырлық істерінің ұлылығын жете түсіндіру - мұғалімнің міндеті. Әр жас жігіт, бойжеткен қыз еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін тебірене сезінуі тиіс. Патриот, ержүрек адамды, табанды күрескерлерді тәрбиелеудің негізі жалпы білім беретін мектепте қаланады. Өмірдегі әр-қилы жаңа құбылыстарды бағалау адамдардан жаңа ұғымды, өзгеше ойды талап етеді. Жас ұрпақты тәрбиелемей, ел мәдениеті көтерілмейді.

Ендеше жастарымызды Отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу үшін халықтық педагогиканың құндылықтарын пайдаланғанымыз абзал. Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі-рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және олармен міндетті түрде санасу қажет[3].

Қазір біз ғасыр тоғысында өмір сүріп отырмыз. Жаңа ғасыр адамы іскер, рухани дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, елі мен жерінің қадір-қасиетін түсінетін, өз Отанына шын берілгендік рухында тәрбиеленуі тиіс. Сондықтан да біз еліміздің болашақ азаматтарын білімділікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеп, баули білуіміз қажет. Ал, ол өз Отанына берілгендік, Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының әскери-патриоттық тәрбиеге деген біліктілігі мен білімділігінің ерекшелігінде болып табылады.

Әдебиеттер:

1.Н.Р.Рамашов, А.Н.Иманбетов. Әскери патриоттық тәрбие негіздері:Оқу әдістемелік құралы.-Қарағанды: «Арқо»,2013.-105 б.

2.Жастарды патриотизмге тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі.-2005.-№9.-7-9 бет

3. Патриоттар тәрбиелеу-міндетіміз // Алғашқы әскери дайындық.- 2006.-№2.-38-39б.

Рамашов Н.Р., Бекбосунов А.К., Алназар Е.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

### **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУЫ ҮРДІСТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз баяндамасында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» ұлттық құрылтайының үшінші отырысында: «... біздің қасиетті тәуелсіздігіміздің жетістіктерін сақтап, көбейту – бұл ең маңызды міндет – тек әділ мемлекет пен жауапты, патриоттық азаматтардың күш-жігерін үйлесімді ұштастыру арқылы ғана мүмкін болады, сондай-ақ тұрақты біздің мәдени кодты уақыт талаптарына бейімдеу. Біз ұлт ретінде, халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретінде әрқашан ұлттық мүдделерді егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді қорғауға дайын болуымыз керек». Сондай-ақ, Мемлекет басшысы өскелең ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне ерекше назар аударды, атап айтқанда: «... балалар мен жастарды барлық прогрессивті құндылықтар рухында тәрбиелеу мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Соңғы бес жыл ішінде біз белгілі бір құндылықтар туралы көп айтқанымызды білесіз. Бұл уақытша жоғары тақырыптар туралы пайымдау емес, идеологиялық салада жан-жақты жұмыс істеу үшін нақты проекция болды. Бүгін мен барлық негізгі идеологемалар мен негізгі бағдарларды қорытындылады. Мен оларды тағы да қайталаймын: бұл тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақтастық, әділеттілік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық, жасампаздық пен жаңашылдық. Осы идеялық негізге сүйене отырып, біздің ұлтымыз аса динамикалық және болжауға болмайтын ХХІ ғасырда лайықты орын ала алады деп санаймын. Барлық уәкілетті